

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 962 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.04.02 № 962 Жарлығымен

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 қ ы р к ү й е к т е г і

N 1 6 4 1 Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНДЫ

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын
қалыптастырудың және пайдаланудың орта
мерзімді перспективаға арналған
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

1. Кіріспе

Бүгінгі таңда қазақстан экономикасының жағдайы елеулі дәрежеде табиғи ресурстар секторындағы ахуалмен анықталады. Республикалық бюджет түсімдерінің табиғи ресурстардан болып отырған қазіргі тәуелділігі Қазақстанның болашағына байланысты бірқатар мәселелерді мемлекет алдына қояды. Біріншіден, бұл табиғи байлықтардың қайта толмайтынына байланысты оларды пайдалануды дұрыс жоспарлау мәселесі. Екіншіден, бұл мемлекеттік кірістер мен шығыстар көлемінің табиғи ресурстарға деген әлемдік бағаның күрт әрі алдын ала болжанбаған ауытқуларына тәуелділігін төмендету мәселесі.

Осы мәселелерді шешу үшін "Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы N 402

Жарлығымен Ұлттық қор құрылды.

Бюджет түсімдерінің елеулі бөлігі табиғи ресурстардың экспортынан түскен түсімдер есебінен қалыптасатын және қолайсыз конъюнктура жылдарындағы шығыстарды қаржыландыруға арналған тұрақтандыру қорлары мен болашақ ұрпақ қорлары басқа елдерде де жұмыс істейді. Қазақстанда Ұлттық қорды құру кезінде шетелдік осы тәжірибе пайдаланылды.

Қазақстанда 2000 жылдан бастап әлемдік қаржы нарығындағы қолайлы конъюнктураға байланысты республикалық бюджетке табиғи ресурстарды өндіруге байланысты төлемдердің түсімі айтарлықтай өсті. Сонымен қатар, көмірсутегін қазақстандық экспорттаушылардың экспорттық түсімдерінің арта түсіп отырған мөлшері теңгенің айырбас бағамын, сондай-ақ инфляцияға да қысымды күшейтеді. Бұл өз кезегінде отандық тауар өндірушілер өнімдерінің бағалық бәсеке қабілеттілігін төмендетуге әкеп соқтырады және де отандық өндірушілердің қаржылық нәтижелеріне қолайсыз әсер етеді.

Қазіргі уақытта әлемде тұрақтандыру немесе жинақ қорлары бар онға тарта ел бар. Мұндай қорлардың қаражаты түсімдері кірістердің негізгі баптарын құрайтын табиғи ресурстардың белгілі бір түрлеріне бағаның ауытқуына байланысты қолайсыз кезеңдерде бюджет шығыстарын қаржыландыру үшін немесе сыртқы борышты өтеу үшін, сондай-ақ басқа мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін. Экспорттың шикізатқа мамандануы орын алған бірсыпыра мемлекеттердің тәжірибесі бюджеттері әлемдік баға конъюнктурасының ықпалына ұшырауға бейім елдер үкіметтерінің басы артық түсімдерді жинақтау үшін шикізатқа бағаның қымбаттауы кезеңін пайдаланып қалу мүмкіндігі бар екенін көрсетеді.

Мұндай қорларды құрудың жағымды жақтары:

баға конъюнктурасына тәуелді табиғи ресурстар секторынан республикалық бюджетке түсетін түсімдер мен республикалық бюджет шығыстары арасындағы өзара байланысты барынша азайту;

қолайсыз конъюнктура бағасы кезеңдерінде мемлекеттің қаржылық міндеттемелерін қолдау үшін қолайлы конъюнктура бағалары кезеңдеріне қаражат жинақтау;

болашақ ұрпақтың мұқтажын қамтамасыз ету үшін қайта толмайтын табиғи ресурстарды сатудан түскен қаражатты жинақтау;

валютаның басы артық түсуі нәтижесінде монетарлық өлшемдерге жасалатын шамадан тыс қысымды болдырмау үшін ақша массасын залалсыздандыру болып табылады.

2. Ұлттық қордың негізгі мақсаттары мен міндеттері

Ұлттық қордың негізгі мақсаты тұрақтандыру функциясы - Республикалық бюджеттің әлемдік баға конъюнктурасына тәуелділігін төмендету болып табылады. Ұлттық қор болашақ ұрпақтарға қор жинауды қалыптастыру арқылы жинақтау функциясын да атқарады.

Ұлттық қордың негізгі міндеттері экономикадан басы артық мұнай долларын шығару және теңге бағамына және инфляцияға қысымды тежеу, сондай-ақ табиғи ресурстарды пайдалануды оңтайлы жоспарлау арқылы макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Жинақтау мен пайдалану транспарентті болуы тиіс, мұның өзі қойылған мақсаттарға қол жеткізу кезінде Ұлттық қордың ойдағыдай жұмыс істеуінің кепілі болып табылады.

3. Қазіргі жай-күйді талдау

Бүгінгі таңда Ұлттық қор жинақтарын қалыптастырудың және оның активтерін басқарудың қолданыстағы тетігіндегі негізгі проблемалар мыналар болады:

шикізат секторы ұйымдарынан түсетін салықтық түсімдер бойынша республикалық бюджетті жоспарлау кезінде бағаны анықтау тетігі үнемі нақты көріністі көрсете бермейді. Болжамданған "базалық" баға (баррель үшін 19 АҚШ доллары) республикалық бюджетте қалдырылатын және Ұлттық қорға жіберілетін шикізат секторы ұйымдарынан алынатын салықтардың оңтайлы бөлінуін белгілемейді. Оның үстіне, "базалық" бағаны ескере отырып есептелген республикалық бюджетке есептеулердің мөлшері сату көлемін өзгертуге, амортизациялық аударымдарға және салық салынатын пайдаға әсер ететін өзге де жағдайларға байланысты өзгеруі мүмкін. Осыған байланысты республикалық бюджетке түсетін мұнай түсімдерінің жыл сайынғы көлеміне қатысты тұрақтылық болмайды;

ұлттық қор жинақтауын қалыптастырудың тұрақты әдіснамасының болмауы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық қорды қалыптастыратын шикізат секторы ұйымдарының тізбесін бекітті, ол кәсіпорындарды тізбеге енгізу және одан шығару бойынша бірнеше рет өзгерістерге ұшырады. Бұл факт Ұлттық қорға аударылатын түсімдер мөлшерін айқындаудың тұрақты болмайтынын көрсетеді. Бұл ретте, тізбе басынан-ақ және қазір де мұнай секторының барлық кәсіпорындарын қамтымайды. Республикалық бюджетті жоспарлау және атқару кезінде кіріс бөлігіне салық бір кәсіпорындар бойынша базалық орта бағаны ескере отырып, тізбеге енгізілмеген басқа кәсіпорындар

бойынша іс жүзінде қалыптасқан баға бойынша түседі.

Ұлттық қордың жұмыс істеуінің жоғарыда көрсетілген проблемаларын шешу қажеттілігін ескере отырып, қор жинақтауды қалыптастырудың одан әрі оңтайлы жолын және оның активтерін басқарудың тиімді әдістерін айқындау қажет етіледі.

4. Ұлттық қордың қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың қағидаттары

1. Ұлттық қордың қаражатын жинақтау

Әлемдік тәжірибені талдау жинақтаулар үшін қандай да бір белгіленген шек болмайтынын және көптеген елдер қол жеткізілген жинақ көлеміне қарамастан жинақтау саясатын жалғастырып отырғанын көрсетеді. Мәселен, әртүрлі уақытта Норвегияда Қор активтерінің деңгейі ел ІЖӨ-інің жартысынан асты, ал Аляскада штаттың бүкіл ІЖӨ-ін, Кувейтте ІЖӨ-нің үш жарым бөлігін, Оманда ІЖӨ-нің бестен бір бөлігін құрайды. Қазақстанда 3 жыл ішінде Ұлттық қорда ІЖӨ-нің шамамен 12% - і жинақталды.

Ұлттық қорда жоғары баға конъюнктурамен туындаған қосымша түсімдер шоғырланғандықтан, Ұлттық Қордың ең жоғары мөлшері шектеле алмайды. Оның үстіне Ұлттық қордың жинақтаушы қызметін атқару үшін төмендетілмейтін қалдық белгіленеді.

Ұлттық қордың қалыптасуы сол сияқты біржолғы сипаттағы (республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру мен ұқсату салаларындағы мемлекеттік мүлікті жекешелендіру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сату) не түсімдер көлемі бойынша тұрақты емес (мұнай секторының түсімдері) кірістер көзі есебінен жүзеге асырылуы тиіс, оның мөлшері едәуір шекте ауытқуы мүмкін, ол осымен Қазақстанның бюджет саясатына елеулі ықпал жасайды.

Осылайша, Ұлттық қорды қалыптастырудың негізгі көздері мыналар болып табылады деп болжанады:

корпорациялық табыс салығы, үстеме пайдаға салынатын салық, роялтилер, бонустар, өнімді бөлу жөніндегі үлес, экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын ренталық салық, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі жататын мұнай секторы кәсіпорындарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда), сондай-ақ мұнай секторы кәсіпорындары жүргізетін операциялардан түсетін басқа да түсімдер, оның ішінде мұнай келісімшарттарының талаптарын бұзғаны үшін түсетін түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда). Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мұнай секторы кәсіпорындары

төлейтін салықтардың басқа түрлері және бюджетке басқа да міндетті төлемдер тиісті бюджеттерге есептелуге жатады. Бұл ретте мұнай секторының кәсіпорындарына тізбеде айқындалатын мұнай операцияларымен айналысатын, сондай-ақ шикі мұнай мен газ конденсатын сататын барлық заңды тұлғалар ж а т а д ы ;

республикалық меншіктегі және кен өндіру мен ұқсату салаларындағы мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де т ү с і м д е р м е н к і р і с т е р .

Ұлттық қордың жинақтарын қалыптастыру моделі республикалық бюджет пен Ұлттық қор арасында мұнай түсімдерін бөлудің оңтайлы теңгерілімін қамтамасыз етуі тиіс. Сондай-ақ қолайсыз әлемдік баға конъюнктурасы кезінде мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін мұнай секторы түсімдерінің көлеміне қарамастан тұрақты деңгейде ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға арналған шығыстарды ұстап тұрудың маңызы зор. Бұл ретте макроэкономикалық деңгейде ішкі баға өсуін тоқтатуға және теңге бағамын ұстап тұруға арналған Ұлттық қордың тұрақтандырушы функциясы неғұрлым тиімді жүзеге асырылуы тиіс.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.05.29. N 336 жарлығымен.

2. Ұлттық қор үшін жинақтарды қалыптастырудың оңтайлы үлгісін таңдау

Ұлттық қорға қойылған міндеттерді тиімді іске асыру мақсатында, жағымды әлемдік тәжірибені ескере отырып теңгерімді бюджет әдісі әзірленді.

Осы әдіске сәйкес 4-бөлімнің 1-бөлімшесінде көрсетілген түсімдер толығымен Ұлттық қорға жіберілетін болады.

Бұл ретте кепілдік берілген трансферт болашақ ұрпақ та пайдаланатын жобаларды инвестициялауды көздейтін бюджеттік даму бағдарламаларының шығыстарын қаржыландыруға ғана бағытталуы тиіс. Осылайша, ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға арналған шығыстар экономиканың мұнай емес бөлігінен республикалық бюджетке аударымдар есебінен, ал бюджеттік даму бағдарламаларына шығыстарды қаржыландыру Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферт есебінен қаржыландырылады, бұл ретте бюджеттің шығыс бөлігінің белгілі бір үлесі оның ішінде белгіленген шектеулер шеңберінде қарыз (сыртқы және ішкі) алу есебінен жабылуы мүмкін.

Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферт (G_o) мазмұнамасы осы Тұжырымдамаға қоса берілетін әдіске сәйкес тұрақты сома қосу Ұлттық қордың

өткен кезеңдегі активтерінің бөлігі ретінде анықталады. Осы трансферттің көлемі екі құрауышқа - республикалық бюджетке трансферттің кепілдік берілген ең төмен деңгейін қамтамасыз ететін және белгілі бір кезеңдегі бюджеттік даму бағдарламаларына шығындардың орташа көлемі негізінде анықталатын А константасына, сондай-ақ белгілі бір кезеңдегі инвестициялық кірістің орташа деңгейіне сәйкес келетін b коэффициентіне байланысты. А константасы және b коэффициенті үш жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының заңнамалық актісімен бекітіледі және осы кезең ішінде өзгерістерге ұшырамауы тиіс.

Ұлттық қордан кепілдік берілген трансферттің республикалық бюджетке мөлшері жеке бір кезеңде Ұлттық қор активтерінің осы кезең басындағы шамасына, яғни бұрынғы жылдардағы жинақтардың мөлшеріне байланысты. Бұл ретте Ұлттық қорға осы кезеңде түсетін түсімдер республикалық бюджетке жіберілетін сомаға әсер етпейді. Республикалық бюджетке Ұлттық қордан түсетін трансферт көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі.

Ұлттық қордың "сарқылуына" жол бермеу мақсатында кепілдік берілген трансферт мөлшері Ұлттық қор активтерінің үштен бір бөлігінен аспауы тиіс. Егер кепілдік берілген трансферт мөлшері осы шектен асып кеткен жағдайда, онда Ұлттық қордан алынатын ең жоғарғы сома тиісті жылдың басындағы Ұлттық қор активтерінің үштен бір бөлігінің баламасын құрайтын болады, ал қалған үштен екі бөлігі болашақ ұрпақтың қоры ретінде жинақталатын болады, бұл Ұлттық қордың негізгі бір мақсаттарына сәйкес келеді.

Егер Ұлттық қордан алулар мөлшері кепілдік берілген трансферт мөлшерінен аз болған жағдайда, тиісті жылға арналған бюджетті жоспарлау кезінде бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстарды қысқарту көзделеді. Бұл ретте егер бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстарды көзделіп отырған қысқарту жеткіліксіз болса, шығыстар белгіленетін шектеулер шегінде үкіметтік қарыз алу есебінен бюджет тапшылығын қаржыландыру шеңберінде жабылатын болады және ағымдарды бюджеттік бағдарламаларға арналған шығыстар азайтылуы мүмкін.

Активтерді "сарқылуына" жол бермеу мақсатында (бір жағынан Ұлттық қорда жинақтау жүзеге асырылғанда, ал екінші жағынан шамадан тыс үкіметтік қарыз алынады) бюджет тапшылығын үкіметтік қарыз алу есебінен қаржыландыру деңгейі бес жылдық кезең үшін орташа жылдық мәнінде ІЖӨ-нің 1%-інен аспайтын мөлшерде шектелетін болады, өйткені халықаралық ұйымдардың (Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік Банк және басқалар) зерттеулеріне сәйкес мұнай дағдарысының орташа ұзақтығы шамамен 4-5 жылды құрайды. Бұл бюджетке түсімдердің деңгейіне жағымсыз әсер ететін қолайсыз

экономикалық конъюнктура кезеңінде бюджет тапшылығының көрсеткіші бес жылдық кезең үшін орташа мән шеңберінде ұлғаю жағына қайта қаралуы мүмкін екенін білдіреді.

Сонымен қатар, бюджет тапшылығы кепілдік берілген трансферт мөлшері алынған Ұлттық қорға жалпы түсімдер ретінде есептелетін Ұлттық қордың орташа жылдық өсуінің бес жылдық кезеңінен асып кетпеуі тиіс.

Жоғарыда айтылғаннан басқа, үкіметтік қарыз алу қор нарығында тиісті бағдар белгілеу үшін айналымда мемлекеттік бағалы қағаздардың жеткілікті көлемін ұстап тұру мақсатында да пайдаланылатын болады. Бес жылдық перспективада нақты жинақтау мақсатында үкіметтік қарыз алу саясаты кепілдік берілген борышты ескере отырып, үкіметтік борыштың Ұлттық қор активтерінің нарықтық құнына қатысты 50-70%-тік арақатынасқа қол жеткізуге бағдарланатын болады.

Кепілдік берілген трансферт шегінде мұнай түсімдерін пайдалану салмақты фискальдық саясат жүргізуге мүмкіндік береді, өйткені салық режимін ырықтандырудан "таза" бюджет нәтижесі көрінетін болады, бұл әдетте, мұнай секторы кәсіпорындарының кірістері есебінен бұрмаланатын.

Кепілдік берілген трансферттің мөлшері формуламен шектелгендіктен және бюджет тапшылығының мөлшерін шектеуді ескере отырып тек бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстарды қаржыландыратындықтан, республикалық бюджеттің ағымдағы бюджеттік бағдарламаларына арналған шығыстарды көбейту экономиканың мұнай емес бөлігі түсімдерінің баламалы өсуінсіз мүмкін болмайды, бұл экономиканың мұнай емес секторын дамытуды ынталандыру қажеттігін көрсетеді.

Трансферт формуласы айқын және оңай есептелінеді. Алайда, А абсолюттік көрсеткішінің жоғары мәні Ұлттық қор қаражатын шамадан тыс жұмсауға, төмен мәні - бюджеттің үлкен құбылмалылығына әкеп соқтырады.

3. Ұлттық қордың активтерін пайдалану

Мұндай қорлар қаражатын пайдаланудың әртүрлі бағыттары бар - республикалық бюджетке түсетін тұрақтандыру трансферттері, сыртқы борыштарды өтеу, инвестициялық кірістің бөлігін халық арасында бөлу, экологиялық бағдарламаларды қаржыландыру және т.б.

Сол сияқты балама ретінде мұнай ақшасын халық арасында бөлудің мүмкіндігі де қаралды. Алайда, бірқатар кейбір себептерге байланысты мұндай тәсіл бүгінгі таңда тиімді бола қоймайды.

Біріншіден, елге мұнай долларының артық ағылуы ақша массасының ұлғаюын тудырды, ол инфляцияның өсуіне түрткі болады және ұлттық валютаның нығаюына әкеп соғады. Бұл отандық өндірушілерді бәсекеге қабілетсіз етеді және бағасы арзандаған импорттық өнімге сұранысты қайта

бағдарлауға әкеп соғады. Бұл ретте, егер "саудасы қызған" секторда (тұтыну тауарлары, жабдық) жоғары сұраныс импортпен қанағаттандырылатын болса, онда елдің ішінде өндірілетін "саудасы жүрмейтін" сектордың тауарлары мен қызметтері (тұрғын үй, коммуналдық қызметтер, денсаулық сақтау) әкеліне алмайды, ол бағаның күрт өсуіне әкеп соқтырады.

Екіншіден, мұнайдың бағасы күрт төмендеген жағдайда мемлекет ақша қаражатының тапшылығына ұшырайды және әлеуметтік міндеттемелер бойынша тиісті деңгейде есептесе алмайды. Ұлттық қордың болуы Қазақстанның фискальдық тұрақтылығына ықпал етеді, ал Ұлттық қорда қаражат жинақтау ұрпақтар арасында табиғи байлықты тең бөлу қағидатына сәйкес келеді.

Осыған байланысты, Ұлттық қордың қаражаты кепілдік берілген трансфертті қамтамасыз етуге және басқарумен аудитке байланысты шығыстарды қаржыландыруға жіберілетін болады. Бұл ретте Ұлттық қордан мұнай емес сектордан түсімдердің төмендеуі салдарынан ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға деген шығыстардың өсуін қаржыландыру үшін қосымша қаражат алынбауы тиіс, ал ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға деген шығыстардың өсуі көзделген шектеулерді ескере отырып, тапшылықты қаржыландыру шеңберінде қарыз алу есебінен жабыла алады.

5. Ұлттық қордың активтерін басқару

Ескерту. 5-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2009.01.19. N 725 Жарлығымен.

Ұлттық қорды басқару кезінде инвестициялық операциялардың негізгі мақсаттары:

Ұлттық қор активтерінің сақталуы;

Ұлттық қордың активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстап тұру; тәуекелдің қалыпты деңгейі жағдайында ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қор активтерінің кірістілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Ұлттық қор активтерінің ұйымдық құрылымы Ұлттық қордың мақсаттарына сәйкес айқындалады.

Ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қор активтерінің кірістілігін қамтамасыз ету кірістіліктің қысқа мерзімді ауытқуын көздейді.

Ұлттық қордың активтерін басқару алдыңғы қатарлы практикаларды пайдаланумен осындай қорларды басқарудың әлемдік тәжірибесі ескеріле отырып және әлемдік қаржы нарықтарының конъюнктурасы ескеріле отырып жүзеге асырылуы тиіс. Ұлттық қордың активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру тәртібін

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайды .

Ұлттық қордың активтерін орналастыру Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңестің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін қаржы құралдарына жүзеге асырылуы тиіс. Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес - материалдық емес активтерді қоспағанда, Ұлттық қорды тиімді пайдалану және оны қаржы құралдарына орналастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңес органы.

6. Қорытынды

Осы Тұжырымдамада көзделген шараларды іске асыру Ұлттық қордың жұмыс істеуінің және жинақтауларын қалыптастырудың оңтайлы үлгісін таңдаудың негіздерін, инвестициялық стратегияны өзгертуді қозғайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізуді талап етеді.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне Ұлттық қордың қызметін реттейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жаңа нормативтік құқықтық актілердің жобалары дайындалатын болады. P 0 6 0 8 0 8

Тұтастай алғанда, осы Тұжырымдамада көзделген шараларды іске асыру республикалық бюджеттің тұрақтылығын одан әрі қолдауға, экономиканы әртараптандыруға және ұрпақтар арасында мұнай кірістерін қайта бөлуге ықпал ететін болады .

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған, осы Тұжырымдамада баяндалған тетігін 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізу көзделіп отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі

N 1641 Жарлығымен мақұлданған

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасына
ҚОСЫМША

Теңгерімді бюджеттің қағаз жүзіндегі әдісі

Теңгерімді бюджеттің әдісін мынадай түрде беруге болады:

$$E = G_{no} + G_o + D, \text{ мұнда}$$

E - республикалық бюджет шығыстары;

G_{no} - мұнай емес сектордан түскен кірістер;

G_o - белгілі кезеңге бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстардың орта көлемін ескере отырып есептелетін Қордан алынатын кепілдік берілген трансферт;

D - таза үкіметтік қарыз алу (тартылатын және өтелетін қарыздардың арасындағы айырма), тиісті жылға арналған ІЖӨ-нің 1% деңгейінде бесжылдық кезеңге белгіленетін орта жылдық мән шегі. Бұл ретте, D мөлшері кепілдік берілген трансферт мөлшері алынған Ұлттық қорға жалпы түсімдер ретінде есептелетін бесжылдық кезеңге Ұлттық қордың орташа жылдық өсуінен асып кетпегендігі қажет.

Қордан алынатын кепілдік берілген трансферт (G_o) өткен кезең үшін Ұлттық қор активтерінен алынатын тұрақты сома қосу соманың бөлігі ретінде мынадай формула бойынша анықталады:

$$G_o = A + b \times NFRK_{t-1} \times e, \text{ мұнда}$$

G_o - Қордан алынатын кепілдік берілген трансферт (теңгемен анықталады);

A - тұрақты сома (заңмен бекітіледі және теңгемен белгіленеді);

b - белгілі кезең үшін инвестициялық кірістің орта деңгейіне сәйкес келетін коэффициент (заңнама актісімен бекітіледі);

$NFRK_{t-1}$ - қаржы жылының басындағы Ұлттық қор активтері (Қордың базалық валютасында);

e - Қордың базалық валютасымен қатысты теңге бағамы.

Ұлттық қордың орта мерзімді кезеңге арналған негізгі көрсеткіштер (2007-2009 жж.)

Ескерту. Кесте алып тасталды - ҚР Президентінің 2009.01.19. N 725 Жарлығымен.